

ЭССЕ

\$\$\$001

Жастарды еңбекке баулудың өзекті мәселелеріндегі заманауи теориялық-әдіснамалық тәсілдер

\$\$\$002

Жаңа онжылдықтағы мұғалімнің «портреті

\$\$\$003

Қазақ ұлттық зиялыларының жастарды еңбекке баулудағы педагогикалық көзқарастары

\$\$\$004

Мәдениеттің шығармашылық іс-әрекет арқылы көрініс табуы

\$\$\$005

Қазақстанның орта және жоғары мектептерінде шығармашылық бағытта білім берудің болашағы қандай?

\$\$\$006

Ғылыми зерттеу әдістері

\$\$\$007

Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі

\$\$\$008

Еңбекке баулу пәнінің басқа ғылымдармен байланысы

\$\$\$009

Педагогикалық ЖОО студенттерінің ғылыми-зерттеу қызметіне деген ынтасы

\$\$\$010

Қазіргі студенттің жеке басының мотивациялық саласын қалыптастыру мәселесі

\$\$\$011

Менің болашақ ғылыми-зерттеу жұмысым

\$\$\$012

«Өмір бойы» білімге негізделген қоғамның технологиялық және кәсіптік тұрғыда дамуына ықпал ететін факторлар

\$\$\$013

"Қазіргі білім: қажеттілік, қызмет, тиімділік"

\$\$\$014

Еңбекке оқытудың тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлар

\$\$\$015

Қазақстан мектептерінде «еңбекке баулу» пәнін енгізудің мәні

\$\$\$016

Қазақстан халықтарының көркем-мәдени мұрасын зерттеудің қажеттілігі

\$\$\$017

Зерттеуші-мұғалімнен зерттеуші-оқушыға дейін

\$\$\$018

Әр адам өзінің әл-ауқатын жасаушы (Р. Стил)

\$\$\$019

Ғылыми зерттеудің басында ғылыми зерттеулерді жобалау жүзеге асырылады. Нені жобалау керек?

\$\$\$020

Педагогты кәсіби даярлауда оқытудың заманауи техникалық құралдары

Сұрақтар

###001

Ұжымдық танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыруда белсенді оқу топтарының рөлін көрсетіңіз.

###002

Педагогикалық процестегі қозғаушы күштің рөлін ашып-көрсетіңіздер.

###003

Жалпы орта білім беретін мемлекеттік стандартқа талдау жасаңыз.

###004

Білім беру мазмұны дегеніміз не, ол немен байланысты анықталады?

###005

Оқыту және тәрбиенің әдістемесін ажыратып көрсетіңіз. Айырмашылықтары неде?

###006

Оқытушының кәсібилігін қалай түсінесіз?

###007

Жоғары білім берудің бүгінгі беделін ажыратып көрсетіңіз.

###008

Педагогтың кәсіби құзіреттелігін қалай түсінесіз. Олардың түрлерін атаңыз.

###009

Жоғары оқу орны оқытушысының қоғамдағы орны мен оған қойылатын негізгі талаптарды атаңыздар.

###010

Оқытушы мен студенттің арасында неғұрлым мәнді өзара әдеп нормаларын атай аласыз?

###011

Өзін-өзі білімдендірудің мағынасын түсіндіріңіз. Жалпы оқытудан оның айырмашылығы қандай?

###012

Педагогикалық процестегі негізгі қарама-қайшылықтарға сипаттама беріңіз.

###013

Оқыту процесінде оқу жоспары, оқу бағдарламасының қызметі қандай?

###014

Педагогикалық ЖОО-да контекстік оқыту технологиясы қалай жүзеге асырылады?

###015

Кәсіптік оқытудың контекстік оқыту ерекшеліктерін атаңыз.

###016

Кәсіби контекстің түрлерін сипаттаңыз.

###017

Оқу және кәсіптік қызметтің құрылымдық буындарын сипаттаңыз.

###018

Контекстік оқытудың мәні неде?

###019

ЖОО-да оқытудың жалпы заңдылықтары мен қағидаттарын сипаттаңыз.

###020

Контекстік оқытудың теориялық негіздерін түсіндіріңіз.

###021

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіндегі орнын анықтаңыз.

###022

Проблемалық оқытудың пәндік-мазмұндық сипаттамалары қандай?

###023

Контекстік оқытуды сипаттаңыз: ұғым мен мазмұн, виртуалды білім беру әлемі.

###024

Интерактивті оқыту әдісі ретінде диалогтың табысы мен нәтижелілігі неге байланысты?

###025

Оқу процесінде проблемалық жағдайлар жасау қандай дидактикалық мақсаттарды көздейді?

###026

Оқу проблемасын қою тетігі қандай және бұл үдерістің негізгі элементтері қандай?

###027

Интерактивті оқытудың тәрбиелік және дамытушылық әлеуеті қандай?

###028

Болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдістемелік ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

###029

Жоғары оқу орындарыңызда интерактивті оқытудың қандай нысандары мен әдістері пайдаланылатынын түсіндіріңіз.

###030

Ғалымдар мен практиктердің интерактивті оқытуға қызығушылығы неге негізделген екенін сипаттаңыз.

###031

Педагогикалық жүйенің құрылымын сипаттаңыз.

###032

Болашақ мұғалімді инновациялық педагогикалық қызметке дайындау туралы мәнін ашыңыз.

###033

Педагогика ғылымында модельдеу әдісін пайдалану шарттарын анықтаңыз.

###034

Контекстік оқытудың педагогикалық технологияларын тұжырымдаңыз.

###035

Ұжымдық жобаның шығармашылық сипатын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іс-әрекеттің қандай кезеңдері бар?

###036

Оқытудың түрлері мен жүйелерін атаңыз. Олардың салыстырмалы сипаттамаларын беріңіз.

###037

Репродуктивті және нәтижелі оқытуды салыстырыңыз. Олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтаңыз.

###038

Контекстік оқытудың теориялық және эмпирикалық бастауларын талдаңыз.

###039

Жаңа білім беру парадигмасын қалыптастыру жолындағы негізгі қайшылықтарды көрсетіңіз.

###040

Жаңа білім беру парадигмасында контекстік оқытуды талдаңыз.

###041

Проекттивті білім беру тұжырымдамасын талдаңыз.

###042

Қазақстандағы жоғары білім беру тарихы туралы нақты фактілерді келтіріңіз. Оның даму тенденцияларын талдаңыз.

###043

ЖОО-да проблемалық оқытуды қолданудың мақсаттары қандай?

###044

Ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясын талдаңыз.

###045

Жоғары білім мазмұнын дамытудың қазіргі тәсілдерін түсіндіріңіз.

###046

Білім беру технологиялары болашақ мамандардың іргелі дайындығын арттыру тәсілі екенін түсіндіріңіз.

###047

Классикалық және жаңа білім беру парадигмаларының негізгі айырмашылықтары қандай?

###048

«Табиғидан» классикалық парадигмаға дейін түсінік беріңіз.

###048

Оқытушылардың педагогикалық біліктілігін арттыру жүйесіндегі контекстік оқытуды талдаңыз.

###049

Бірлескен оқу қызметінде маманның кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруды жүзеге асыру барысын атаңыз.

###050

Жоғары мектеп оқытушысының негізгі іскерліктерін қараңыз.

###001

Келесі зерттеулердің теориялық негіздерінің тақырыпқа сәйкестігін анықтаңыз: «Мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің дидактикалық негіздері»

###002

Мына тақырыптардағы зерттеулердің қарама-қайшылықтарының құрастырылу қисынын түсіндіріңіз: «Жоғары оқу орнында болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін даярлаудың теориясы мен практикасы»

###003

М.Т. Громкованың дәлелденуінше, «зерттеудің көкейкестілігінің мазмұнында зерттелетін (жүйедегі сәйкессіздіктерді анықтау және б) сәйкессіздіктердің дәрежесін көрсету (қайшылық, мәселе, қақтығыс, даудамай, апат) кіреді» деген пікірін қолдайсыз ба? Жауабыңызды негіздеңіз.

###004

Ғылыми-зерттеу практикасында зерттеушілер - осы әдіснамалық негізді біз жасаймыз деген пікірге өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

###005

Зерттеудің әдіснамалық негіздерін тиімді анықтау алгоритмін сызба түрінде көрсетіңіз.

###006

Білім алушылардың іскерлігі мен дағдысын қалыптастыруда белсенділік әдістерін қолданудың тиімділігін көрсетіңіз.

###007

Әдіснамалық тұжырымдар ғылымның философиялық негіздері мен педагогикалық ғылымның зерттелетін саласының жетістіктеріне байланысты ажыратылатындығын ескеріп, педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздері мен әдістерін сараптаңыз.

###008

Монография: оның жазылу және мазмұндалу дәрежесін, есеп, баяндама жазу ережелерін түсіндіріңіз.

###009

Педагогикалық зерттеудің логикасы және ғылыми аппараттаны құрастырыңыз.

###010

Педагогикалық эксперимент және оның түрлері, өткізу әдістемесін түсіндіріңіз.

###011

Зерттеу жұмыстары бойынша ғылыми, оқу-әдістемелік еңбек түрлерін, диссертациялар құрылымы мен мазмұнын талдаңыз, өз идеяңызды ұсыңыз.

###012

Ғылыми мақала (баяндама) және оның түрлерін сипаттаңыз. Белгілі бір кәсіби салаға бағытталған мақаланы ғылыми түрде талдаңыз. Рецензия дайындаңыз.

###013

Ғылыми жоба жазу ерекшеліктеріне талдау жасаңыз, ғылыми жоба жұмысын өз кәсіби бағытыңыз бойынша нақтылаңыз.

###014

Ғылыми зерттеудің өзектілігін, қарама-қайшылығын, тақырыпты таңдау барысын өзіңіздің кәсіби бағыттылығыңыз бойынша анықтаңыз.

###015

Педагогикалық зерттеу әдіс ретінде өз алдына дербес қолданылады және байқау әдісімен толықтырылып отырады, байқау әдісін тәжірибелік жұмыстарда қолданыңыз.

###016

Интервью алу әдісі әңгімелесудің бір түрі ретінде социологиялық зерттеулерден ауысқан. Интервью алған кезде алдын ала белгіленген сұрақтар, әңгімелесушінің жауаптары жазылып алынады. Тапсырма: Интервью алу әдісін ойластырып, зерттеу жұмыстарында қолданыңыз.

###017

Педагогикалық эксперимент әдісін педагогиканың зерттеу әдістерінің қорытындысына сүйеніп, тұжырымдардың дәлелдігін анықтау мақсатында қолданыңыз.

###018

Зерттеліп отырған педагогикалық мәселеге, құбылысқа байланысты көпшілік пікірін білу мақсатында алдын ала тыңғылықты дайындаған сұрақтарға жазбаша жауап беру жағдайында сауалнама әдісін қолданыңыз.

###019

«Педагогикалық іс-әрекет» пен «инновациялық іс-әрекеттің» өзара байланысын практикалық іс-әрекет негізінде анықтаңыздар.

###020

Білім алушы тұлғасын қалыптастыру, дамыту, тәрбиелеу құрал факторы ретінде оқу әрекетінің мәнін, құрылымын және оны тиімді ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттап көрсетіңіз.

###021

Негізгі ұғымдар бойынша глоссарий жасаңыз: білім беру философиясы, білім беру парадигмасы, білім беру тұжырымдамасы, оқу әрекеті, сабақ беру.

###022

Кейс – стадий әдісін интерактивті әдістің бір түрі екендігіне материалдар жинақтап, дәлелдемелер келтіріңіздер.

###023

Өз бетінше нақты шешім қабылдауда оны шешуде кейс-стадий амал-тәсілін қолданыңыз.

###024

Кейс әдісі: ғылым ба, өнер ме? екендігін ғылыми тұрғыда түсіндіріңіз.

###025

Кейс-әдісінің негізгі түрлеріне жүйелі түрде талдау жүргізіп, мәселелі ситуацияларды шешу жолдарын анықтаңыз.

###026

Проблемалық дәрісті өткізуде негізгі мәселелерді қалыптастыру және оларды проблемалық жағдайға айналдыру жолдарын ойластырыңыз.

###027

Проблемалық оқытуды білім алушыларды берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізуде қолдану сәттерін түсіндіріңіз.

###028

Проблемалы оқытудың ерекшелігі: білім алушыға дайын білім берілмей, одан проблемаларды ізденіс арқылы шешу талап етілетіндігін нақтылаңыз.

###029

Ішінара-ізденіс әдісін зертханалық жұмыстарда; проблемалық семинарлар, эвристикалық әңгімелер барысындағы ішінара-ізденіс әрекетінде қолдануды түсіндіріңіз.

###030

«Проблемалық жағдай» болып табылатын проблемалы оқытудың негізгі түсінігін практикада қолдану сәттерін түсіндіріңіз.

###031

Оқу үрдісінде проблемалық оқытуды қолданудың тиімділік жақтарын өз кәсіби бағытыңыз бойынша талдау жасаңыз.

###032

Өз кәсіби бағытыңыз бойынша кез-келген 3 тақырып негізінде студенттерге өз бетімен жұмысқа арналған, олардың ғылыми және шығармашылық ізденісін ұйымдастыратын тапсырмалар әзірлеп, мазмұнын түсіндіріңіз.

###033

Сабакты түрлі формалармен және әдістермен тым толтырып жіберу оқыту мақсатына жеткізуге әкеле бермейтінін ескеріңіз. Сабакта қолданылатын барлық әдіс - тәсілдердің өзіндік мақсаттылығын талдаңыз.

###034

Өз кәсіби бағытыңыз бойынша кез-келген тақырыпта семинар сабағының жоспарын әзірлеп, түсіндіріңіз.

###035

Педагогикалық зерттеу әдістерінің қайсысы – теориялық, қайсысы –эмпирикалық әдістерге жататының деректеп беріңіз.

###036

Өз кәсіби бағытыңыз бойынша кез-келген тақырыпта дәріс конспектісін әзірлеңіз. Кері байланыс мәселесін анықтаңыз.

###037

Дәріс сабағының тиімділігі мен нәтижелігіне әсер ететін лектордың қасиеттері мен сапаларын, қабілеттерін анықтаңыз.

###038

«Дәріс сабағын табысты өткізудің шарттары» тақырыбында таныстырылым (мультимедиялық презентация немесе видео) дайындаңыз.

###039

Әдістеме мен оқыту технологиясы арасындағы айырмашылықтарын өзіңіздің практикалық дағдыңызға сүйене отырып талдаңыз.

###040

Қазіргі таңдағы кәсіптік-педагогикалық бағыттағы мамандықтар қандай басымдықтарға ие екендігін түсіндіріңіз.

###041

«Парадигма – (грек сөзі-үлгі) барлығымен мойындалып қабылданған ғылыми жетістіктер, олар ғылыми қауымдастыққа белгілі бір уақыт аралығында мәселелерді анықтау және оларды шешу моделін ұсынады» - деген түсінікті басшылыққа ала отырып, қазіргі педагогика ғылымында жетекші білім беру парадигмаларына талдау жасаңыз.

###042

Виртуальды немесе on-line-оқыту технологияларын өзіңіздің практикалық дағдыңызға сүйене отырып талдаңыз.

###043

Жоғары оқу орындарының негізгі түрлеріне сипаттама беріңіз. Олардың жоғары білімді мамандандыру кәсіби қызметтерін талдаңыз.

###044

Білім беру парадигмалары шеңберінде түрлі білім беру модельдері қалыптасады. Қазіргі әлемдік білім беру үдерісінде қызмет ететін 4 негізгі білім беру модельдерін сипаттаңыз, олардың оқу үдерісінде қолданылуын түсіндіріңіз.

###045

Ментальды карта әдісі тұлғаның зияткерлік әлеуетін жақсарту талап етілетін өмірдің барлық саласында қолданыс табуын талдаңыз. Ментальды карталарды оқу үдісінде қолданыңыз. Нәтижесін сараптаңыз.

###046

Білім мазмұнын жаңарту аясында білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың қажеттілігін өзіңіздің практикалық дағдыңызға сүйене отырып талдаңыз.

###047

Тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастырудағы гуманистік тәрбие қағидаттарының маңыздылығын талдаңыз.

###048

Тәрбие қағидаттарын атаңыз, практикада қолданылуына қарай педагогикалық тұрғыдан сипаттаңыз.

###049

Компьютердің және басқа дидактикалық техниканың практикада қолдану мүмкіндіктерін салыстырыңыз.

###050

Жоғары мектеп педагогикасының басқа педагогикалық ғылыммен байланысын мысалдар арқылы түсіндіріңіз.

###001

Төмендегі табысты қорғалған диссертациялардың ғылыми аппаратының нысаны мен пәнін көшіріп жазыңдар және оларды келесі зерттеулерде ұсынылған осы компоненттердің тұжырымдалуын салыстырыңыз және бағалаңыз.

###002

Ізденушілердің зерттеу әрекеттерінің практикасында болжамның үш құрылымдық тұрпаты орын алады. Сол себепті де ғалымдар болжамды мына жүйе бойынша жасаған жөн деп санайды: „Егер. . . , онда. . . , өйткені. . . ”

Осы ұғамдар арқылы зерттеуші болжамында жаңаны алдын ала көре алатындай жететіндігі қалай айқындалады? Тұжырым жасаңыз.

###003

«Зерттеудің жетекші идеясы мәселе дұрыс қойылған болса, онда оның басты бағыты белгіленіп тұр деген сөз. Қойылған мәселені шешу үшін бірнеше жыл зерттеу жүргізу қажет пе? - деген сұрақ тууы заңдылық». Осы мәселеге «қарсысыз» ба әлде «қарсы емессіз» ба? Ой-идеяларыңызды айқындап түсіндіріңіз.

###004

«Диссертациялық зерттеулерде болжамдардың құрылуы төмендегідей болады. Тақырыбы: «Болашақ мұғалімдердің әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа даярлау жүйесі». Болжамы: болашақ мұғалімдердің әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарға дайындығы кіріктірілген тұлғалық білім ретінде қалыптасуы мүмкін, егер дайындық жүйесінде үш блок үйлесімді жүзеге асырылса: ынталы–мақсатты, мазмұнды және үдерістік, онда жоғарғы оқу орнының педагогикалық үдерісінің кәсіби бағыттылығы әлеуметтің талаптарына жауап береді деп есептеңіз, өйткені, болашақ мұғалім өзіндік әрекеттерінде әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың нысандары мен әдістерін оқушылармен жұмыс істегенде меңгереді (Г.Ж. Меңлібекова)». Мүмкін сізде жаңа идея туындайтын шығар. Өзіңіздің практикалық дағдыңызға сүйене отырып, мәтінге баға беріңіз.

###005

«Оқытудың басқа да әдіс-тәсілдерін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен дербес дарындарын ашуға мүмкіндіктері толық жете бермейтіндігіне арнайы тоқталып, оқытуда ғылыми танымның әдіс-тәсілдерін пайдаланған біршама тиімді. Оқушыларға дайын білімді бергеннен гөрі, олардың сол білімге өздері жеткені артық» - деген С.А. Шапоринскийдің ойына ұқсас басқа ғалымдардың пікірлерін жинақтаңыз, ғылыми тұрғыдан салыстырыңыз.

###006

«Шығармашылық әрекет» пен «іс-әрекетті» тығыз байланыстырған А.В. Леонтович, Ү.Б. Жексенбаева т.б. ғалымдардың тұжырымдарын талдап, өзара салыстырыңыздар және өз идеяларыңызды ұсыныңдар.

###007

«Негізінен оқу әр ғылымның логикасына сүйенетіндіктен, олар бір-бірінен өз алдына оңашаланып бөлектенбейді. Сондықтан ғылымның міндеті өзара интегративтік байланыстылықты танып білу. Соңғы кездері оқыту үдесінде интегративті тәсілді қолдану өзекті мәселеге айналғанымен, жалпы білім беретін мекемелерде бұл мәселе толық өз шешімін таппағаны байқалады. Мұғалімдер өз тәжірибелеріне сүйеніп жүргізеді». Осы тұрғыдан зерттеулер жүргізіп, ой-тұжырым жасаңыздар.

###008

«Әдебиеттерді зерттей келе, интеграция мәселесімен ең алғаш айналысқан педагогтар екендігі белгілі болды. Әдебиеттерде интеграцияның әртүрлі аспектілері қарастырылған. Мысалы, көптеген еңбектерде интеграцияның логикалық-әдіснамалық және жалпы теориялық мәселелері ашып көрсетілсе, кейбір жұмыстарда техникалық ғылымдар саласындағы интеграция мәселелері қарастырылған». Келтірілген мәтін негізінде Интеграцияның педагогикалық қырын қарастыратын ғылыми зерттеулерді жинақтап, Веен диаграммасы бойынша салыстырыңыз.

###009

«11-сыныпта «Талшықтар» тақырыбын өткенде біз талшықтардан киім өндіретінімізді айтамыз. Ал біз киім шығара аламыз ба? Бізде жеңіл өнеркәсіп қандай деңгейде дамыған? Осы сұрақтарға жауап іздей келе оқушылар мынадай қорытынды жасайды. Біздің елімізде мал шаруашылығы көбіне ет өнімдерін алу үшін жұмыс жасайды. Ал мал терісі өте арзан бағада көршілес мемлекеттерге сатылады. Мысалы, Түркия мемлекеті ол терілерден бас киім, тондар, күртелер, аяқ киімдер тігіп, өзімізге бірнеше есе қымбат бағада сатады. Себебі, оларда жеңіл өнер-кәсіп жақсы дамыған. Қандай сабақта болсын осындай мазмұнда интеграциялық әдістерді пайдалану – оқушының танымын кеңейтіп, ғылымға қызығуына, өмірдегі өз жолын таңдауына ықпал етеді». Берілген мәтінді педагогикалық тұрғыдан талдаңыз. Мұғалімнің сабақ өту тәсіліне баға беріңіз.

###010

«Мұғалімдердің тәжірибесінде жиі кездесетін интеграцияны жүзеге асырудың бір жолы – сабақтарды бір мұғалім арқылы жүргізіп, бірнеше пәндер бойынша біріккен сабақтар білімнің жинақталуы, яғни, әр түрлі пәндерден алған білімдерін синтездеу» - деген тұжырымды талқылап, өз идеяңызды кәсіптік сала бойынша ұсыныңыз.

###011

«Интеграция» ұғымы «interer» біртұтас, бүтін деген мағынаны білдіреді. Оқытудағы пәнаралық, ғылым-аралық интеграция білім алушылардың жас ерекшелігі мен қабылдайтын ұғымдарының көлеміне қарай артып отырады. Оқытудағы пәнаралық және ғылым аралық байланыстарға талдау жасап, пәнаралық сабақтың мәтінін өзіңіздің кәсіби бағытыныңызға сәйкес түзіңіз.

###012

«Сабақта тек ғылыми ақпарат, ереже, анықтама, формула және есептермен ғана жұмыс жасаған білім алушының білімі тек бір сарынды жаттанды ұғымдар жиыны ретінде құралып, әрі қарай біліктер мен дағдыға айналмай, уақыт өте ұмытылып қалады. Білім алушының таным белсенділігінің даму аясы ұлғаймайды». Білім алушының танымын кеңейтіп, ғылымға қызығуына, өмірдегі өз жолын таңдауына ықпал ететін сабақ мәтінін құрастырыңыз.

###013

Интеграциялық сабақтарды ұйымдастырудың басқа сабақтарға қарағанда айырмашылығын салыстырып, өз кәсіби бағытыңыз бойынша интеграциялық сабақ мәтінін түзіңіз.

###014

Зерттеу мақсаты әр түрлі әрекеттердің белгілі бір тетігі «мақсат – құрал – нәтиже» болып табылады.

###015

«Білім алушылармен ғылыми- зерттеу жұмыстарын дамыту үшін өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен соңғы кезде деңгейлеп оқыту, дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану өте тиімді». Ғалымдардың тәжірибесіне негізделген материалдарды іздестіріп, аталған әдістерді пайдаланып, ғылыми мақала дайындаңыз.

###016

Ғылыми нәтижелерді сынақтан өткізу мен оқыту үдерісіне енгізудің жолдарын, кәсіптік оқыту саласы бойынша магистратурадан табысты қорғалған диссертациялық жұмыстар негізінде түсіндіріңіз.

###017

Кәсіптік оқыту білім беру бағдарламасын құрастыруда интеграциялық байланыстың философиялық, психология, жалпы ғылымдық және дидактикалық негіздері ескерілген бе? Бағдарламаны талдаңыз. Бағдарламаның құрылымына, сапасына баға беріңіздер.

###018

Тестілеу әдісінің мәні неде? Оның педагогикалық зерттеу аймағындағы ерекшелігі неде? Білім беруде зерттеушілік мақсатында тесттің қандай түрлері пайдаланылады?

###019

«Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», -деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді».

Сіз, өзіңізді кәсіби ісіңіздің шебері деп санайсыз ба?. Өзіңізді өзіңіз бағалаңыз.

###020

Педагогикалық зерттеулердің әдістерінің өзара байланысын схема түрінде сызыңыз. Олардың байланысын негіздеңіз.

###021

Эмпирикалық әдістерге бақылау, әңгімелесу, сауал-сұрақ, тестілеу, бағалау, алынған мәліметтерді өңдеу (математикалық, статистикалық, графикалық, кестелік), зерттеу нәтижелерін педагогикалық іс-тәжірибеге ендіру жатады.

Берілген әдістерді ғылыми жұмыстар негізінде жеке-жеке сараптаңыздар.

###022

Болашақ ұстаздардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған мерзімді баспа беттеріндегі ғылыми мақалараға аннотация жазыңыз.

###023

Педагогикалық эксперимент – дәлме-дәл ескерілетін жағдайларда, нақты «қолдан» жасалған жаңа жағдайларда педагогикалық процесті түрлендіріп, ғылыми тұрғыдан тәжірибе қоюды айтамыз. Екінші жағынан эксперимент дегеніміз – бата қадағалауда болатын және эксперимент жасаушының өзін мақсатты әрі жоспарлы түрде жүзеге асыратын педагогикалық бақылау болып табылады.

Сіз өзіңіздің ғылыми зерттеуіңіздің эксперименттік бөлімін қалай ұйымдастырдыңыз? Ғылыми түрде түсіндіріңіз.

###024

Мазмұнына қарай жобалар тәжірибеге бағытталған, рөлдік жоба, ақпараттық, шығармашылық зерттеушілік жоба болып бөлінеді. Сіз, «Жаңа тенденциядағы мұғалім тұлғасы» атты ғылыми жоба дайындыңыз. Жоба жұмыстарын критериялды бағалаңыз.

###025

Магистрлік диссертацияларда зерттеу әдістерін дұрыс таңдаудың өлшемдерін негіздеңіз.

###026

Табысты қорғалған бірнеше магистрлік диссертациялық зерттеулердің теориялық және практикалық мәнділігін талдаңыз. Өз ара салыстырыңыз.

###027

Зерттеудің жаңалығын тұжырымдауда теория мен практиканың өзара байланысы бәрінен жиі көрінеді? Бұл нендей шарт?

###028

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығын қандай өлшемдер арқылы анықтайды? Жауабыңызды негіздеңіз.

###029

Педагогиканың саласы мен зерттеу типіне байланысты көкейкесті тақырыптардың белгілері көрініс табатын негізгі түпнұсқа жасалып, сараптамалық бағалауларды салыстыру арқылы зерттеудің өзектілігін анықтаңыздар.

###030

Жаңашылдықты бағалау көрсеткіштерінің бірі - ғылыми жұмыстың кіріспесіндегі қазіргі заманғы ғылыми (қайта табылған) деректемелерді (мұрағат материалдары, жазбалар және т. б.) жинақтап, қайта өңдеу.

###031

Ғылымда «алғашқы» деген ұғым оның нәтижесі жарияланғанға дейін бұндай деректердің кездеспейтіндігімен түсіндіріледі. Зерттілеген диссертацияларды талдаңыздар.

###032

Зерттеу нәтижелерінің жаңалығы мен олардың ғылымдағы маңызы арасында мәнді айырмашылықтарды зерттеңіздер.

###033

Зерттеу объектісін (нысанын) анықтау дегеніміз - зерттеудің нені қарастырып жатқанын білу, анықтау екенін дәлелдеңіз.

###034

Жаңару деңгейі теорияда бұрын болмаған оқыту мен тәрбиелеу саласындағы амал-тәсілдер, жаңа идеялармен сипатталады. Аталмыш саладағы белгілі ұғымдардан түбегейлі ерекшеленіп тұратын жаңа көзқарастар мен идеяларды ұсыныңыз.

###035

Толықтыру деңгейі – алынған нәтиже бұрыннан белгілі теориялық және практикалық жағдайларды кеңейтіп, белгілі емес жаңа элементтерді қамтитындығын дәлелдеңіз.

###036

Нақтылау деңгейі – алынған нәтиже белгіліні дәлелдейді, оқыту мен тәрбие, оқыту әдістері, мектеп ісін жүргізуге қатысты кейбір теориялық немесе практикалық жағдайларды нақтылайтынын түсіндіріңіз.

###037

Жаңашылдық деңгейі алған білімдерінің орнын, оның сабақтастығын сипаттайды. Ол нақтылау, толықтыру, жаңару деңгейлерінің көмегімен бағаланатынын дәлелдеңіз.

###038

Жаңашылдықты суреттеу үшін төмендегідей сипаттамаларды қолдануды ұсынуға болады. Түрлері жағынан оны теориялық (тұжырымдама, болжам, терминология т. б.) және практикалық (ереже, ұсыныс, құралдар, талап, әдістемелік жүйе т. б.) деп бөлуге болады. Жаңашылдықтың екі түріне материалдар жинақтап, салыстырыңыз.

###039

Ғылыми педагогикалық зерттеулер нәтижелерінің жаңашылдығын бағалау өлшемдері мен әдістерін талдаңыз.

###040

Қолданбалы зерттеудің өзектілігінің өлшемдері: тақырыптың зерттелуіне практикалық қажеттілік, мәселенің практикадағы шешімі, нәтижені ендіруден күтілетін әлеуметтік және экономикалық тиімділік. Зерттеу тақырыбының өзектілігін бағалау мәселесімен айналысатын ғалымдардың еңбектеріне талдау жасаңыздар.

###041

Іргелі зерттеулердің өзектілігін бағалау өлшемдеріне тақырыптың теориялық маңыздылығы, мәселенің ғылымда зерделену дәрежесі, күтілетін нәтиженің осы саладағы теориялық пайымдауларға сәйкестігі жатады. Зерттеу өзектілігін құрастыруға материалдар жинақтап, өзектілік шарттарын айқындаңыз.

###042

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдай отырып, жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдарын анықтаңыз.

###043

«Жоғары мектеп оқытушысы педагогикалық шеберлігінің құраушысы» тақырыбында таныстырылым (мультимедиялық презентация немесе видео) дайындаңыз.

###044

«Шығармашылық дегеніміз - бұрын болып көрмеген жаңа нәрсеге әкелетін адамның әрекеті. Бұл қаржылық жағынан қамтамасыз етілген, бірақ қаржылық жағынан қамтамасыз етілмеген жаңа, әртүрлі ауқымды жоспар құру» -деп берілген тұжырымдаманы қалай бағалайсыз?

###045

Кез-келген оқу және шығармашылық іс-әрекет көзделген мақсатқа жетелейтінін немесе әкелмейтінін ескерсек, бұл салада көптеген қиындықтар болатыны анық, бірақ оны болжау мүмкін емес. Мұндай болжамдарды алып тастау үшін оқу-танымдық іс-әрекет тәжірибесін жан-жақты талдап, тұжырымдар жасаңыз.

###046

Зерттеу міндеттерін: анықтау, айқындау, қорытындылау, нақтылау, ұсыну, тәжірибелік жұмыста тексеру тұрғысында құрылады. Осы тұрғыдан В.И. Загвязинский, В.П. Давыдов, В.М. Полонский т.б. ғылыми ой-пікірлер мен пайымдауларын өзара салыстырыңыз.

###047

Аралас оқыту – дәстүрлі «тірі» оқыту мен оқу процесіне қатысушылардың бірігіп әрекеттесуін іске асыруға мүмкіндік беретін екінші кезеңдік Интернет-ресурстың көмегімен оқытуды араластыру (комбинирлеу). Жалпы алғанда, аралас оқытуды қашықтықтан оқытудың бір түрі немесе жалғасы деп есептеуге болатындығын дәлелдеңіз.

###048

Қашықтықтан оқыту технологиясының артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптаңыз.

###049

Педагогика ғылымында аксиология идеяларының білім беру саласына енуін көрсететін парадигмалық өзгерістер орын алуын, білім беру жүйелерінің трансформациясы әрқашан жалпы мәдениеттің дамуы аясында жүретіндігін, білім құндылық ретінде қарастырылатынын негіздеңіз.

###050

Негіздеңіз. Неліктен қазақстандық жоғары білім беру жүйесін халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялау тетіктері Кредиттік оқыту технологиясы болып табылады?